

"Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Семей" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Қордай" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Бейнеу" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Өскемен" кедені" мемлекеттік мекемелерін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 маусымдағы N 688 қаулысы

Ескерту. Тақырыптағы, қаулы және ереже мәтініндегі сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі аумақтық органдарының штат саны лимитінің шектерінде "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Семей" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Қордай" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Бейнеу" кедені", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Өскемен" кедені" мемлекеттік мекемелері құрылсын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.02. N 194 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі:

- 1) бір ай мерзімде кедендерді әділет органдарында тіркеуді қамтамасыз етсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 4 м а у с ы м д а ғ ы

N 6 8 8 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы К е д е н д і к б а қ ы л а у а г е н т т і г і н і ң
" С е м е й " к е д е н і т у р а л ы

ЕРЕЖЕ

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.02. N 194 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 24 маусымдағы
N 688 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің
"Қордай" кедені туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.02. N 194 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 24 маусымдағы
N 688 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің
"Бейнеу" кедені туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.03.02. N 194 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 24 маусымдағы
N 688 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің
"Өскемен" кедені туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Өскемен" кедені (бұдан әрі - Кеден) кеден органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және өз құзыретінің шектерінде Шығыс Қазақстан облысының аумағында кеден ісіне басшылықты жүзеге асырады .

2. Кеден Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кеден басқармасына (бұдан әрі - Шығыс Қазақстан облысы бойынша КБ) есеп береді және оның бақылауында болады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеденді қаржыландыру тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігін ұстауға көзделген қаражаттың

есебінен және шектерінде жүзеге асырылады.

4. Кеденнің құрылымын келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимиттерінің негізінде Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің басшысы белгілейді. <*>

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.04.14. N 357 қаулысымен .

5. Кеден Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, сондай-ақ банктерде шоттары болады .

6. Кеденнің толық атауы - Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Өскемен" кедені" мемлекеттік мекемесі.

7. Кеденнің орналасқан жері:

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Новаторов көшесі, 7/2.

8. Осы Ереже Кеденнің құрылтай құжаты болып табылады.

2. Кеденнің міндеттері, функциялары және құқықтары

9. Кеденнің негізгі міндеттері:

1) өз құзыретінің шектерінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономикалық мүдделерін қорғау;

2) өз құзыретінің шектерінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының және Шығыс Қазақстан облысы бойынша КБ-ның аумағында орындалуын бақылау кеден органдарына жүктелген бірыңғай кеден саясатының сақталуын қамтамасыз ету;

3) кеден ісін ұйымдастыру және жетілдіру;

4) Қазақстан Республикасының кеден саясатын әзірлеуге және іске асыруға қатысу бо л ы п т а б ы л а д ы .

10. Кеденнің негізгі функциялары:

1) республикалық бюджетке алу кеден органдарына жүктелген кеден төлемдері мен салықтарының уақытылы және толық енгізілуін қамтамасыз ету;

2) Шығыс Қазақстан облысының аумағында тауарлар мен көлік құралдарының Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтуінің рұқсат етілетін тәртібін ж ү з е г е а с ы р у ;

3) кеден ісінің жай-күйі мен дамуы жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу ;

4) Шығыс Қазақстан облысының аумағында тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен ресімдеуді жүзеге асыру, оларды жетілдіруге шаралар қабылдау;

5) кеден ережелерінің бұзылуына байланысты жұмыстарды ұйымдастыру және ж ү з е г е а с ы р у ;

6) дербес және өзге де құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылда кеден заңнамасын бұзушылықтарға қарсы күресті жүзеге асыру, бірлескен операциялар

жүргізу, ынтымақтастық мәселелері бойынша бірлескен құжаттар дайындау;

7) мемлекеттік қауіпсіздікті сақтау, қоршаған табиғи ортаны, жануарларды, өсімдіктерді қорғау, әкелінетін тауарларды тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

8) өз құзыретінің шектерінде және заңнамаға сәйкес валюталық бақылауды жүзеге асыру ;

9) дербес және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда кедендік бақылау аймағы режимінің сақталуын бақылауды қамтамасыз ету, кеден инфрақұрылымы объектілерінің күзет жүйесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысының аумағындағы кеден шекарасын күзету ;

10) сыртқы сауданың кеден статистикасын ұйымдастыру және жүргізу, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының кеден статистикасын қалыптастыру үшін Шығыс Қазақстан облысы бойынша КБ-ға бастапқы деректерді ұсыну заңнамада белгіленген тәртіппен арнайы кеден статистикасын жүргізу;

11) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігімен келісім бойынша шет мемлекеттердің кеден ісі мәселелерімен айналысатын кеден және өзге де құзыретті органдарымен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

12) Кеденде кадрларды іріктеу, орналастыру, олардың кәсіби даярлығы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

13) кеден инфрақұрылымының құрылысын жобалау мен оны қайта жаңғыртуды жоспарлауға және ұйымдастыруға қатысу;

14) Кеден қызметкерлері үшін қажетті еңбек жағдайларын жасау, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

15) Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай автоматтандырылған жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

16) Кеденнің бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастығын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, жеке және заңды тұлғаларды кеден ісі мәселелері бойынша хабардар ету, өз құзыретінің шеңберінде азаматтардың шағымдары мен өтініштерін уақытылы және байыпты қарау, мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне қысым жасауды туғызатын себептерді жою жөнінде шаралар қабылдау;

17) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген басқа да функцияларды орындау болып табылады.

11. Кеденнің өзіне жүктелген негізгі міндеттер мен функцияларды жүзеге асыруы кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды адамдардан, азаматтардан өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға және алуға;

2) өз құзыретінің шектерінде кеден ережелерін бұзу туралы істерді қарауға және жүргізуге қабылдауға не оларды қарау үшін ведомстволық бағыныстылығы бойынша беруге;

3) өз құзыретінің шектерінде мемлекеттік органдармен, өзге де ұйымдармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің лауазымды адамдарымен және азаматтарымен өзара іс-қимыл жасауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтық өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Кеденнің қызметін ұйымдастыру

12. Кеден жұмысты Шығыс Қазақстан облысы бойынша КБ-ның құрылымдық бөлімшелерімен, Қазақстан Республикасының аумақтық кеден органдарымен өзара іс-қимылда ағымдағы және перспективалық жоспарлардың негізінде ұйымдастырады.

13. Кеден өзінің қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелерден тұрады.

14. Кеденді Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бастық басқарады.

15. Кеден бастығының Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

16. Кеден бастығы Кеденнің жұмысын ұйымдастырады және басқарады.

17. Кеденнің бастығы осы мақсаттарда:

1) Кеденнің өзіне жүктелген міндеттерді орындауы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Кеденді білдіреді;

3) өзінің орынбасары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының өкілеттіктері мен міндеттерін белгілейді;

4) заңнамаға және лауазымдардың номенклатурасына сәйкес Кеденнің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) өз құзыреті шектерінде бұйрықтарға қол қояды;

6) Кеденнің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені және лауазымды адамдардың функционалдық міндеттерін бекітеді;

7) заңнамада белгіленген тәртіппен қызметкерлерге қатысты көтермелеу шараларын қолданады, сондай-ақ оларға тәртіптік жаза қолданады, Кеденнің лауазымды адамдарына арнайы атақтар беру туралы Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігіне ұсыныстар енгізеді;

8) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігіне Кеденнің құрылымы мен штат саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Кеденнің мүлкі

18. Кеденнің өзіне жедел басқару құқығымен берілген оқшауланған мүлкі болады және негізгі қорлар мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны Кеденнің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

19. Кеденге бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

20. Кеденнің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Кеденге заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

5. Кеденді қайта ұйымдастыру және тарату

21. Кеденді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.